

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 13 қыркүйек N 1385

Қазақстан Республикасы мылтық ату жөніндегі ұлттық құрама командасының 2000 жылғы Сиднейдегі (Австралия) XXVIII жазғы Олимпиадалық ойындарға дайындығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Спорт және дене тәрбиесі комитеті Республикалық спорттың қолданбалы түрлері бойынша жоғары спорттық шеберлік мектебінің балансына тегін негізде саны 10 (он) бірлік ТОЗ-36 (49) спорттық тапаншалар мен саны

900 (тоғыз жүз) мың дана "Экстра" винтовкалық оқтарын берсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгіленген тәртіппен спорттық қарулар мен оларға спорттық оқтар алуға рұқсатты ресімдесін және олардың одан әрі пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.